



14 тамыз, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Индетпен кешенді күрес жүрде



3 Тәуелсіздік бойтұмары



5 Ат үстінде шыңдалған ұрпақ рухты



8 Ерекшелігімен есте қалған жоба



● ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

2021 жылғы 13 тамыз
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Токио-2020 XXXII Жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін наградталсын:

III дәрежелі «Барыс» орденімен

Сметов Елдос Бактыбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

II дәрежелі «Достық» орденімен

Чиншанло Зульфия Салахаровна

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы;

«Құрмет» орденімен

Асәдлов Дархан Абсалдықұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Берульцева Софья Полихроновна

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Бибосынов Сәкен Исмадиярұлы

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Қоңқабаев Қамшыбек Бисенбайұлы

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Санаев Нурислам Валентинович

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы

Сон Игорь Сергеевич

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2021 жылғы 13 тамыз
№ 638

Корей халқының батыры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аядағы 17-18 тамызда Ақорда Республикасына жоспарланған сапары аясында Хон Бом До сүйегін тарихи отанына қайтару бойынша дайындық жұмыстары жүрде. Бұл туралы облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Әбілдаев мәлімдеді.

– Корея Республикасынан арнайы делегация келіп, 14 тамыз күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықовамен бірге Хон Бом До мемориалында өтетін еске алу шарасына қатысады. Одан әрі генералдың сүйегін қазып алу жұмыстары жүргізіледі. 15 тамызда Қорқыт ата әуежайында Қазақстан Республикасының Құрметті қарауылы мен әскери оркестрінің қатысуымен салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтеді, – деді ол.

Хон Бом До туралы материалды 8-беттен оқи аласыздар

● ҚҰРМЕТ



ЖІГЕР МЕН ЖҮЛДЕ

Бейсенбі күні Токио Олимпиадасына қатысқан Қамшыбек Қоңқабаев, Дәулет Ниязбеков және Мөлдір Жанбырбай туған жерге оралды. Жерлестері спортшыларды Қорқыт Ата атындағы әуежайда салтанатты түрде қарсы алды. Айтқыскер ақын Мұхтар Ниязов олардың құрметіне жыр арнады.

Көпшілік алдында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет Олимпиаданың қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевты жеңісімен құттықтап, өңірдің спорт тарихында алғаш рет бокстан олимпиада медалі қоржынға түскенін атап өтті. Сондай-ақ, Дәулет Ниязбеков пен Мөлдір Жанбырбайға әлі талай спорт бәсекесінде ел намысын абыроймен қорғайтынына сенім білдірді.

Аталған шара барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев Қамшыбекті қола медалімен құттықтап, спортшыларымыз енді Париж Олимпиадасында еліміздің атын шығаратынына үміт артты.

Өз кезегінде, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев жерлестеріне ризашылығын білдірді және алдағы уақытта бұдан да зор жетістіктерге ұмтылатынын жеткізді.

Тустан кейін Сырдың санлақ спортшыларымен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жүздесіп, ыстық ықыласын білдірді.

– Екі аптадан астам уақыт бойы облыс халқы аламанға үкілеп шығарып салған үміттерінің тілеуін тіледі. Ұл-қыздарымыз сенімді ақтады. Ал Қамшыбектің алтынға бергісіз қола жүлдесі – талай бұлдіршінің қиялына қанат бітіріп, боксқа құмарлығын арттыра түсті. Олимпиаданың ашылу салтанатында Қамшыбек еліміздің көк туын ұстап шығу мәртебесіне ие болды. Бұл – үлкен мәртебе, зор сенім. Алдағы уақытта да Сыр спортшылары еліміздің Көк Туын халықаралық аренада желбірте берсін деген ізгі ниетімізді білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Биыл қызылордалық спортшылар

«СБ» ақпарат

● «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Шаңырақтан төгілген шуақ

Елімізде 2013 жылдан бері «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Байқаудың мақсаты – отбасы институтын нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасылық құндылықтарды көрсету және кешінен насихаттау. Сондықтан бұл жоба халықтық сипат алып, дәстүрлі шараға айналды. Айталық, байқау басталғалы бері еліміз бойынша 15 мыңнан астам отбасы қатысқан. Ал биыл облыстан 182 отбасы қатысып, бақ сынады.

СБ Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

2-бет



● ҚАЙТА ЖАҒЫРҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

Білім нәрі «Әліппеден» басталады

Биыл I-сынып оқушыларына салтанатты түрде «Әліппе» табысталады. Осылайша еліміздегі 7 мыңнан астам мектепте «Атамұра» баспасы дайындаған «Әліппе» оқытылады. Бар кітапқа бас болған «Әліппе» ғана емес, биыл «Ана тілі» оқулығы да қайта жазылып, басылды.

СБ Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»



Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұнов құрастырған бұл кітап 100 жылдан астам уақыт ішінде қазақ үшін құнды оқулыққа айналды. Балалардың алғашқы сауат ашу оқулығы неге бұлай аталған? Қазақ тіліндегі «Әліппе» сөзі арабша «әліп» (алиф) пен «би» әріптерінің тіркесуінен келіп шыққан. Гүллама ғалым қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алған. Алғашқы әліппе «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде кең қолданысқа ие болды. 1925 жылы Ахмет Байтұрсынұлы әдістемелік жаңалықтарды ескере отырып, қазақ бастауыш мектептеріне арналған жаңа әліппе ұсынды. Оқулық өз заманына лайық әліппе жасаудың озық үлгісі болған. Бұл сөз тілімізге араб жазуын пайдаланған кезде еніп, латын, орыс алфавитіне көшкенімізден кейін де сақталып, балалардың алғашқы оқулығының атауы «Әліпби» деп аталды.

Содан бері әліппе қазақ үшін кәсіптік ұғымға айналды. Себебі, әдемі, қазақы танымға лайық суреттері бар бұл кітапты аяқтағанда сөйлемді буынға бөліп, дауысты мен дауыссыз дыбысты ажыратып, шағын ертегілерді оқи алатынбыз. Тіпті «Әліппемен» қоштасу кішігірім мереке саналатын. Бала біткен білім жолындағы бір белесті бағындырғандай мәз болып, «Әліппеден» кейін әріп танымау ұят болып есептелетін.

2016 жылдан бастап оқулық «Сауат ашу» болып өзгерді. Ал, 2019 жылғы 16 тамызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен педагогтардың дәстүрлі Тамыз кеңесінде Білім және ғылым министрі «Әліппе» оқулығын әзірлеу мәселесін көтерді. Осылайша жаңа «Әліппе» ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі негізінде жасалды. Оқулықты әзірлеу барысында министрлікке 5 түрлі баспадан дайындалған оқулықтың жобасы келіп түскен. 2020 жылдың қыркүйек айынан 2021 жылдың сәуір айына дейін «Әліппе» мен «Ана тілі» оқулықтары мемлекеттік сараптаманың бес кезеңінен өтті. Әуелі ғылыми-педагогикалық тұрғыда, содан соң 65 қанатқақты мектепте сынақтан өткізілген. Бірнеше қалаларда 500-ге жуық әдіскер, мұғалім сараптама жасап, талқылап, соңында пәндік сараптамалық комиссияның қарауына берілген. Осыдан кейін 5 түрлі оқулық қоғамға ашық таныстырылып, нәтижесінде барлық талаптарға сай келген бір «Әліппе» таңдалды.

Жаңа үлгідегі «Әліппенің» өзіндік ерекшелігі де бар. Оқулықтағы дыбыстар мен әріптердің берілу реті өзгеріп, бұл реттілік ұлт ұстазының еңбектерімен қатар, лингвист, әдіскерлердің зерттеулері негізінде өзара тіркесіммен сөз жасау ерекшелігіне орай құрылған. Сондай-ақ, сөздер мен суреттерде де жаңашылдық бар. Ең бастысы, бірнеше жылдан кейін «Әліппенің» оралуы үлкен-кішіні түгел қуантты. Өйткені, бұл оқулық балалық шақты еске түсіретін тәтті естеліктерімен емес, ғасырдан астам тарихымен де қымбат. Ал, жаңа оқулықты тиімділігі мен ерекшелігі туралы кітап қолға тиіп, оқу процесінде пайдаланғаннан кейін педагогтар айтатын болады.

● ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

Сыр спортының сенімді жолы

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор. Ең қымбат байлық – денсаулық кепілі. Қай уақытта да үлкен мәнге ие болған саланың жауапкершілігі де салмақты. «Спорт күні» жетістік пен кемшілік сарапқа түсер өзіндік мәртебесімен әрі алдағы еңбекті таразыға тартар маңыздылығымен ерекше.



6-бет



Шаңырақтан төгілген шуақ

Бейсенбі күні «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова қабылдап, сый - құрмет көрсетті.

Отан отбасынан басталады. Кез келген мемлекеттің негізгі әлеуеті – оның халқы, адами капиталы. Еліміз биыл тәуелсіздіктің 30 жылдығын қарсы алып отыр. Бұл – сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсаған арманы. Егемендікке қол жеткізген осынау тарихи жеңісімізде әрбір отбасының өзіндік үлесі бар.

«Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адауға бастайды» деген болатын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында. Халқымыздың осындай тамыры тереңге тартқан рухани құндылықтарының бастауы отбасы болып табылады. Сондықтан біз үшін ұлттық тәрбиенің алтын қазығына айналған әрбір отбасының орны бөлек.

1-бет



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен әлеуметтік салада жүйелі қолдаулар жүзеге асырылып келеді. Олардың қатарында арнайы жәрдемақылар, отбасына арналған жеке бағдарламалар бар. Бұл орайда әлеуметтік салаға бағытталған қаржы көлемі де жыл сайын артып келеді.

«Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», осы ұштаған арқылы отбасы құндылығы қалыптасады. Сондықтан шаңырақ шуағын таратып, өнегелі ұрпақ өсіріп отырған сіздерге әрқыз құрметіміз ерекше, – деді аймақ басшысы.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының «Өнегелі отбасы» номинациясымен Қызылорда қаласынан Ресалиевтер әулеті, «Рухты отбасы» қазалық Мырзағұлбаевтар әулеті, «Ұлағатты отбасы» Сырдария ауданынан Мақпалбаевтар әулеті, «Ынтымақты отбасы» аралдық Рысмағамбетовтер әулеті марапат төрінен табылды. Байқауда үшінші

орынды Жалағаш ауданынан Шуақбаевтар, екінші орынды Қармақшы ауданынан Қартабаевтар, бірінші орынды Жаңақорған ауданынан Түкібаевтар иеленсе, бас жүлдені Шиелі ауданынан Әбілдашевтер отбасы жеңіп алды.

Жеңімпаздарға облыс әкімінің дипломы мен естелік сыйлықтар, гүл шоқтары табысталды. Мерейлі сәтте марапат иелері аймақ басшысының құрметіне алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, облыста 141 мыңнан астам отбасы болса, оның ішінде 47 мыңға жуығы қонақалылар. 2 109 батыр ана, 5 мыңға жуық «Алтын алқа», 10 мыңнан астам «Күміс алқа» иегері бар. Ал жеті жыл ішінде осы байқауға қатысуға 1500-ден астам отбасы өтініш берген.

Мерекелік жиынды қорытындылаған облыс әкімі шаңырақтан төгілген шуақ әрбір жүрекке жылу беретінін, сондықтан отбасы құндылығын нығайту мәселесі әрдайым мемлекет назарында екенін айтты.

«Балаларды спортқа белсенді түрде тарту керек»



Өңірлерде бұқаралық спортты дамыту үлкен басымдыққа ие болды. Бұл ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Бұқаралық және балалар спортын дамытуға ерекше назар аударып, осы негізде әлемдік аренада жүлделі табыстарға жетуге ұмтылу керек» деп атап өткен болатын. Бүгінде жасөспірімдер үшін Қызылорда қаласындағы барлық спорттық нысандардағы секцияларға тегін қатысуға мүмкіндік қарастырылған. Яғни 4-17 жас аралығындағы балалар спорттық секциялардың барлық түріне қол жеткізе алады.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова Қызылорда қаласында орналасқан бірқатар спорттық нысандарды аралап, спорт секцияларында шыңдалып жүрген жасөспірімдермен кездесіп, жаттықтырушылармен пікірлесті.

Алдымен аймақ басшысы «Мұз айдыны» спорт кешенінде болып, секциялық жұмыстарды көрді. Қазірде кешенде 615 бала грек-рим күресі, көркем гимнастика, шайбалы хоккей,

шорт-трек, манерлеп сырғанау, волейбол, баскетбол сынды спорттың 7 түріне тартылған.

Кездесуде грек-рим күресінен жаттықтырушы Алматы Әуешов жастардың спортқа деген белсенділігінің жыл санап артып жатқанын тілге тиек етсе, көркем гимнастикаға қатысушы жасөспірім Әсел Марат спортқа деген ынта-жігерінің жоғары екенін айтып, дайындық барысындағы ерекше сәттерімен бөлісті.



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Мұнан кейін аймақ басшысы «Тарлан» спорт кешенін аралады. 2016 жылы пайдалануға берілген нысанда 120 спортшыға арналған корпус, 24 орындық жатақхана салынған. Кешен ашылғалы 20 ҚР спорт шебері, 78 ҚР спорт шеберіне үміткер дайындалды. Спорт кешенінде облыс намысын республикалық жарыстарда қорғаған көптеген жоғары дәрежелі спортшылар дайындалды.

Балаларды баптау үшін 3 жаттығу залы қаралған. Мұнда бокс, таэквондо, пауэрлифтингпен 350 спортшы шұғылданады. Бокстан облыстың аға жаттықтырушысы Жамил Жүсіпов балалар арасындағы белсенділіктің жоғары екенін айтты.

«Нұрым» жеке спорт кешенінің жұмысы да назардан тыс қалмады. Кешен жұмысы Президент тапсырмасына сәйкес жан басына қаржыландыру тәртібімен жүзеге асуда. Мұнда каратэ, казак күресі, дзюдо, таэквондо сынды спорт түрлерінен 260 бала шынығуда.

Спорт кешенінде облыс әкімі балаларын спорттық секцияға бейімдеген ата-аналармен кездесіп, пікірлесті. Айта кету керек, жеке спорттық нысандарға баратын балалар үшін төленетін қаржыны жан басына қаржыландыру тәртібімен реттеу тиімділігін танытты. Бұл үшін облыстық бюджеттен 212 миллион тенге қаржы бөлінген. Нәтижесінде 2156 бала спорттық секцияларға мүмкіндік алды.

Ерекше айтуға тиіспіз, барлық спорт секцияларында «Ашық» қосымшасы орнатылған. Санитариялық талаптар қатаң орындалып, әлеуметтік арақатыстық тәртібі сақталды.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспановқа балалар мен жасөспірімдерді спорттық секцияларға белсенді түрде тарту жұмыстарын әлі де жандандыруды тапсырды. Сондай-ақ, спорт шеберлері арқылы болашақ чемпиондарды шығару мәселесіне жете назар аудару қажеттігін қаперге салды. Еске салайық, Қызылордада бүгінгі күнге artsport.edu.kz порталы арқылы спорт саласы бойынша 12 жеке кәсіпкер мен заңды тұлғалардың 38 өтінімдері қолдау тауып, 1832 бала спорттық секциялармен қамтылды.

Биыл өңірде «Нүрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис корты және байдарка, каноэде есу базасының құрылыстары аяқталды. Сонымен бірге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 спорт кешенінің құрылысы басталмақ.

ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ – ВАКЦИНА САЛДЫРУ



Вирустың таралу деңгейі бойынша облыс әлі «қызыл» аймақта. Шілде айында індет жұқтырғандар саны 3387-ге жеткен. Ал, соңғы 10 күнде індетпен ауырғандар 2000-нан асты. Осы жағдайға орай, өңірде инфекциялық төсек-орын саны 4 есеге дейін ұлғайтылды. Індеттің таралуын тежеу медициналық мекемелердің жұмысын пысықтау мақсатында облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова модульді жұқпалы аурулар ауруханасына барып, эпидемиологиялық ахуалды бағдарлады. Коронавируспен күресіп жүрген дәрігерлердің жағдайын сұрап, реанимацияда жатқан азаматтардың халін білді.

Үкіметтің қолдауымен 200 төсек орынға арналған модульдік стационар осы аптадан бастап науқастарды қабылдады. Вирус жұқтырған азаматтардың жағдайы тұрақты бақылауға алынған. Модульдік ауруханада науқастарға қажетті дәрі-дәрмек толық жеткілікті, мамандардың жұмыс режимі жолға қойылған.

Айта кету керек, реанимацияда ем қабылдап жатқан науқастардың басым бөлігі вакцина алмаған.

Облыс әкімі соңғы күндері вирустың жаңа штамдарының пайда болуы себепті тұрғындарды індеттен сақтану амалдарына жете мән беруді, қорғандың басты көзі – вакцина салдыруға шақырды. – Коронавируспен күреске облыстық медициналық ұйымдар толығымен дайын. Дәрі-дәрмек қоры, медициналық құрал-жабдықтар жеткілікті. Модульдік ауруханаға келіп, науқастардың жағдайын бақылап, ахуалды саралады.

Вирустың жаңа штамдары жылдам жетуде. Кеше ғана АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «Йота» жаңа штамы таралуда. Осыған байланысты вакцинация жұмыстарын қарқынды түрде күшейтуіміз керек. Жақындарымызды, балаларымызды, дос-жарандар мен әріптестерімізді сақтауға міндеттіміз. Той-жиын, дәстүрлі шаралардан тыйылып, сақтық амалдарын жасауға тиістіміз. Балалардың қауіпсіздігі, жақындарымыздың саулығы үшін облыс тұрғындарын екпе алуға шақырамын. Әрбіріміз жауапкершілікті сезініп, қиын кезеңді бірге жеңейік, – деді облыс әкімі.

Қазіргі күні облыста ұжымдық иммунитет қалыптастыру мақсатында екпе алуға қабілетті 401 мың тұрғынның 61,8%-і вакцинаның 1 компонентін салдырды. Кестеге сәйкес, II компонентімен тұрғындардың 47,6%-і қамтылды. Қыркүйек айында вакцина салдырған азаматтардың көрсеткішін 85%-ке жеткізу жоспарда бар.

Науқастар үшін 138 дәрігерлік мобильді топ үйден ем жасауда. Олар шақыртуларға уақытылы барып, дәрі-дәрмектерін үйге жеткізуді қамтамасыз етуде.

Қарым-қатынасты шектеу бағытында мониторингтік топ жұмыстары күшейтілген. Бүгінге дейін 167 мониторингтік топпен 12441 нысанға рейдтік тексеріс жүргізілді. Нәтижесінде 459 карантин талаптарын бұзу жағдайы анықталып, 33,4 млн тенге айыппұл салынған. Ал, осы тамыз айында 398 нысанға тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде 56 карантин талаптарын бұзу жағдайы анықталып, 3,1 млн тенге айыппұл салынған.

Аймақта маусым-шілде айларында инфекциялық төсек-орын саны 585-тен 2340-қа дейін, ал реанимациялық төсек-орын саны 90-нан 172-ге дейін көбейтіліп, қазіргі жүктеме 75%-ті құрап отыр. Резервті қосқанда 3200 төсек-орын әзірленген.

Халықты вирустан сақтандыру мақсатында ақпараттық жұмыстар да күшейтілген. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы 19816 мақала жарық көріп, жергілікті телеарналармен 63 бейнеролик көрсетілді. Мұнан бөлек, тұрғындар арасында 24161 ұнпақ таратылып, өңірлік коммуникациялар қызметі арқылы 89 брифинг өткізілді.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдікалыкова денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазыловқа вирустың таралу деңгейін тұрақты бақылауға алып, алгоритмге сәйкес қажетті шараларды дер кезінде қабылдау, тұрғындарды белсенді түрде вакцина алуға шақыру жұмыстарын кешенді түрде іске асыруды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

● ЕКПЕ АЛ!

Індетпен кешенді күрес жүруде

Эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты өңір әлі күнге дейін «қызыл» аймақта. Статистикалық көрсеткіш індет жұқтырғандардың көбейгенін байқатады. Мамыр айында 14 стационарда 585 инфекциялық төсек-орын ашылып, оның ішіндегі реанимациялық төсек-орын саны 91-ді құраған еді. Ал, қазір инфекциялық төсек-орын саны 4 есеге артқан. Індетпен кешенді күрес жүруде. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, көпбейінді облыстық аурухананың бас дәрігері Нүридин Әмиров және көпбейінді қалалық аурухананың бас дәрігері Бауыржан Төлеген баяндады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Бүгінде инфекциялық стационарларда 1324 науқас ем алуға, жүктеме 57 процентті, реанимациялық төсек-орындарының жүктелуі 53 процентті құрайды. Науқастарға сапалы медициналық көмек көрсету басты назарда дейді мамандар.

– Эпидемиология басталғанда аймақта барлығы 76 өкпені жасанды желдету аппараты болды. Бүгінгі күні медицина

ұйымдарында 251 ИВЛ аппараттары жұмыс істейді. Орталықандырылған оттегімен 518 төсек-орны жабдықталған.

Жалпы, өңірде көпбейінді облыстық аурухана мен Қазалы ауданында 2 оттегі стансасы орнатылды. Көпбейінді облыстық ауруханадағы оттегі өндіруші стансасы күніне 150-ге жуық баллонды толтырады, яғни айына 4200-ге жуық баллонды оттегімен қамтамасыз етуде

мүмкіндік бар. Қазалы ауданаралық ауруханасы жанындағы оттегі өндіруші станса күніне 60-қа жуық баллонды толтырып тұр. Мұнан бөлек, аймақта реанимациялық бөлімшелерге және интенсивті терапия бөлімшелеріне оттегіні жеткізу мақсатында демеушілер есебінен 682 дана концентраторлар алынған. Жақында облыста модульді жұқпалы аурулар стационары да іске қосылды. 200 орынға арналған стационарда 20 реанимациялық орын бар. Аурухана іші компьютерлі томограф, цифрлы рентген және орталықандырылған оттегі стансасымен жабдықталған, – деді Сәбит Пазылов.

Жиында спикерлер ахуалды ескеруге шақырды және вакцинациялау шараларына неміқрайлы қарауға болмайтынын тағы бір қаперге салды. Індетпен күреске облыстың медицина ұйымдары толығымен дайын. Дегенмен, тұрғындардың жауапкершілігі ең маңызды мәселе болып қала бермек.



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

● БІЗДІҢ АУЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТУМАРЫ

«Елден не хабар?» дейтін қалалықтардың ауылға бүйірі бұрып тұрары анық. Ауыл – ұлт құндылықтары тоғасқан алтын бесік. Салт пен дәстүрдің, береке мен байлықтың түпкі темірқазығы осында. Төрт түлігін түлетіп, егінін өсіріп, келбетін көріктендірген ауыл туралы айтсақ дейміз. Бұл – Тәуелсіздік алып, төрт құбыламыз түгенделгені Сыр өңіріндегі қайнаған еңбек пен ұлттық руханияттың қайнар көзіндегі болған құтты мекен.

Ср Эрман ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ауылдағы кәсіпкерлерге көрсете білді. Біртіндеп мектеп, әкімшілік ғимараты, мешіт, музей, дәрігерлік амбулатория, Мәдениет үйі қайта күрделі жөндеуден өткізіп, кейбірін қайта салды. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған Тағзым алаңын істеп берді. Орталық алаңды абаттандырамын қалай?! Жаздық сахна, дүкен мен тойхана, шаштараз бен моншасы тағы бар. Жыл сайын мына көшедегі арықтардың барлығын компания есебінен тазалатып, оған да жұмысшы алып отыр. Аудан, тіпті облыстың маңызды орталықтарында кездеспейтін су бұрқактарын орнатып берді емес пе?! Тіпті, кейбір үйлердің құрылысына да көмектесіпті, – дейді ақсақал.

Ақсақалдың сөзінің жаны бар. Сыр бойына өзге аймақтан қонақ келсе, қолынан жетектеп, ауылдан мақтанып көрсетері осы ауыл. Мұнда барлық көше тегістеліп, асфальт төселіп, түнгі жарық шамдары орнатылған. Былайынша айтқанда, Нағидың бүгінгі келбеті кейбір қаладан әлдеқайда ажарлы.

Ал соңғы жаңалық, компания өзіне тиесілі қоймалардың барлығын қайта салып, өндірістік жағдай жасады. Күріш пен жоңшыға тұқымды тазалайтын арнайы қондырғы алып, өнімдерін экспортқа шығаруда белсенді. Нағидың топырағында өскен күрішті шетелдіктер тамсана жеп жүр. Барлық техникаларын жарамды күйде ұстап, бұрынғы инженерлік жүйедегі жерді қайта өңдеуден өткізіп, қалпына келтіруде де компания қызметкерлерінің үлесі көп.

– Өзге шаруашылықтағы кейбір келенсіздіктерді көріп қиналамыз. Бізде Абзалдай азаматтың халыққа қамқорлығы, осы кезге дейінгі елге жасаған ісіне жасы да, көрісі де қарсы пікір айтқан емес. «Тойсан да тобаннан жаным» дейтін бе еді?! Осындай халыққа қамқор болған азамат жайлы қалай айтсақ та жарасалы. Қарияларын құрметтейтін осы бір қамқор ұлға батамызды беріп, ұдайы қолдау білдіру – біздің елдігіміздің белгісі, – дейді Төрбек ата екеуара әңгіме соңында.

ШАРУАШЫЛЫҚ АРҚАСЫНДА ШАЛҚЫҒАН...

Расымен бір-жар тұрғын болмаса, мұнда жұмыс істемейтін адам жоқ шығар. Тіпті, сыртыңнан келіп істейтіндер де бар. Барлығы шаруашылықты түрлі саласында еңбек етеді. Онымен қоса мектеп, мәдениет үйі сияқты мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаратындарды қосыңыз. Бұл сөзімізді осы елдегі шаруашылықтың төрағасы Дархан Ералиев те растайды.

– Түсінікті болу үшін басынан бастап айтайын. 1990 жылдарғы жағдай бізге белгілі ғой. Шаруашылыққа келер болсақ, техникасы болғанмен, жұмысы ілгері баспай қойғаны көпшіліктің есінде. Қарақан басты ойлап, қолды сілтеуге намыс та жібермейді. Ағам Абзалдың «кәсіпкерлікпен айналысып, тапқан табысымен шаруашылықтың бойын тіктесем, бір ауылдың өркендеуіне үлес қоссам» деген арманын жиі естимін. Әрине, бастапқы уақытта мұны біз ешкімге айтпадық. Айтсаң, бәрібір сенбес те еді, – дейді «Мағжан және К» серіктестігінің директоры Дархан Ералиев.

Туған елінің азынқы күйін көрген Абзал мен інісі Дархан да тәуекелге бел бұды. Бұған дейін түрлі кәсіппен шұғылданған Абзал 2002 жылдан бастап өз ауылына қаржы салып, күріш егу, оның көлемін арттыру сияқты қауырт әрі болашағы әлі де бұлыңғырлау тіршілікті қолға алған. Токтаңыз, әуелі бұлар күріштің өзін әр жерден сатып алып, элеватордан өткізіп, қаптап сатты. Кейін бұл да онша береке бермесін сезіп егін егуді қолға алған. 2003 жылы «Сыр дөні» шаруашылығын құрып, үлескерлерден құралған 780 гектар жерді пайдалана бастады. Гектарына 47 центнерден өнім алған шаруашылыққа осы алғашқы егін үлкен мүмкіндік сыйлағаны анық. Осылай-осылай кәсіпкерлік көші түзеле берді. Ағайындардың бұл кезде егін егіп қана қоймай, туған елді түрлендірміз деген ішкі арман-мақсаттарын көбісі біле бермейтін.

Иә, тоқырау жылдары тозған ауылдың қалпына келтіру оңай болмағаны анық. Шаруашылықтың жұмысын жөнге келтіру үшін бірінші күріш сатып, түскен қаржыға керекті техника жабдықтарын алған. Содан соң бос жерге тұқым сеуіп, егіс көлемін жылма-жыл арттырды. Дұрысы, 2004 жылы «Абзал және К» ЖШС құрылып, аудандық жер қорынан 2300 гектарды жалға алып, күріш көлемін көбейтті. Ал бір жылдан соң «Мағжан және К» серіктестігі құрылып, 3000 гектар жерге дән септі. Осы



шаруашылыққа Дархан төраға болып, егін дейтін еңбек науқанына бел шеше кіріскен еді. Одан кейінгі шаруашылық жеткен жетістік жергілікті халықтан бөлек, республикаға да белгілі. Туған ауылды түрлендірген Ералиевтер ерлігі көпшіліктің есінде әбден қалары анық. – Шаруашылық жұмысы әбден жолға қойылғасын бұрынғы арман, туған ауылды жайнату идеясын қолға алдық. Бір ғана мысал, 2013-2020 жылдар аралығында Нағи ауылына 1 млрд 500 млн теңгеден астам қаржы құйылды. Мұның бәрі мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде әлеуметтік нысандар салуға, ауылды абаттандыруға, көгалдандыру мен қайырымдылық шараларына жұмсалды. Қайбір жылдың өзінде ауыл халқы мен жұмысшылар өтініштеріне сәйкес 17 миллион теңгеден астам қаржыға мал азығы ретінде жемшөп түсіріп берілген. Сондай-ақ, 1 жарым миллион теңгеден астам қаржыға азық-түлік тегін таратылды, – дейді шаруашылық төрағасы.

Нағилықтардың басым көпшілігі шаруашылыққа жұмысқа тұрғанын айтқанбыз. Айлығы уақытылы, жыл соңында сыйақыдан бөлек, алдындағы мал-қорасына жем-шөптен де көмек алады. Мысалы, шаруашылық әр үйі басына 150 дана жоңшыға бумасын таратады. Су тегін. Ал одан қажет етсе, арзан бағада әр данасын 300 теңгеден алып жүр. Ал қыста тағы әр шаңырақ басына 2 тоннадан көмір үлестіріледі. Бұл да ақысыз дүние. Кенес Одағы батыры атын иемденген жұрттың бар салмағын

көп қаржы аударған. 216 миллион теңге. Бұған шаштараз, субурқак, жастардың спорттық және балалардың ойын алаңын қайта жабдықтау, мекемелер алдың көгалдандыру, сондай-ақ кейбірін ағымдағы жөндеу, балабақшаны жөндеу, оған қосымша жиһаздар алу, т.б. жұмыстар істелген. Жоғарыдағы төраға айтып кеткен егініш қауымға арналған асхана мен демалыс орны да осы қаржының арқасында шешіліп отыр. Айтпақшы, Абзал Ералиев ерен еңбектің арқасында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 2013 жылы «Қазақстанның Еңбек Ері» атанғаны белгілі. Әрі Елбасының өзі Нағи ауылына ат басын тіреп, мұндағы ел ажарына сүйсініп, «Барлық ауыл Нағи ауылындай болсын» дегені көптің есінде әлі.

ЖҰМЫССЫЗЫ ЖОҚ АУЫЛ

Ауыл әкімі Сағдат Нұрмағанбетовтің пікірінше, елдегі атқарылып отырған игі істердің басым көбінде «Мағжан және К» ЖШС үлесі көп. Ауыл халқының барлығы мұны біледі.

– Бұл ауылда жұмыссыз адам жоқ десек, артық айтпаспыз. Тіпті, сыртыңнан келгендер бар. Олардың жататын қонақ үйі де, аспазшына дейін қамтылған. Жыл басында 65 адам жұмыссыз болып тіркелген еді. Оның 21-і тұрақты жұмысқа тұрды. 32 адам қоғамдық жұмысқа тартылса, 2 тұрғын жастар тәжірибесі арқылы қызмет істейді. Қалған 10 адамды жыл соңына дейін

облыста алдыңғы орыннан көрініп те жүр. Нағидың күріші Украина, Ресей, Қырғызстан, Әзербайжан, Түркіменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан және Монғолия сияқты елдерге экспортталатынын бірі білсе, бірі білмес. Сыр суынан нәр алған ақ күрішке ынтызар өзге мемлекет халықтарынан сұраныс әзірге ерекше болып тұр.

Әкімнің айтуынша, елде ауыз су мәселесі түпкілікті шешілген. 640 орындық мектеп, «Балдырған» бөбекжайы, спорт кешені, мәдениет үйі халыққа тұрақты қызмет етіп келеді. Ералиевтер құрған ірі шаруашылықтардан бөлек, 10-нан астам қожалық төрт түлік және егін егумен айналысады. Бақша егіп, мал бордақылайтын тұрғындар да көбейген. Сондай-ақ мұнда кәсіпкерлікпен айналысуға ынтыалар жеткілікті. 87 адам осы саланың жібін ұстаған. Биыл жаңадан 9 кәсіпкер өз жобасын бастапты.

– Ауылда 12 көше бар. Барлығы да асфальтталған. Түнгі жарық шамдары қойылды. Бұл жерде айта кететін бірекі жайт бар. Ауылдық округке қарасты электр желілері мен трансформаторды қайта жаңғырту керек. Өйткені, 1972 жылы жүргізілген электр желілері одан кейін мүлде ауыспаған. Екінші мәселе – ауылға кіреберіс 2 шақырым жолдың жайы. Мердігер белгілі болып, 126 млн теңге қаржысы шешілгенмен, әлі басталмай тұр. «Керім Жол» деп аталатын мекеме бұл жұмыстарға әлі де салғырт қарап тұрғанын жасыра алмаймыз. Халық осы жолдың тезірек біткенін қалайды, – дейді ауыл әкімі.

«АУЫЛЫММЕН МАҚТАНАМЫН»

Ауыл ішін аралап жүріп, сәулім спорт ғимаратының ішінен көргеніміз жапа енді. Керекті жабықтың бәрі тұр. Нағилық балалар қалаған спорт түрін жаттықтығындай жағдай жасалған.

– Мен осы ауылдың перзентімін, – деп әңгімесін бастады осында кездескен Гүлсара Ысқақова. – Спорт кешенінде бес жылдан бері үстел теннисінен жаттықтырушымын. 2015 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында шаруашылық ауылға спорт сарайын салып берген болатын. Ғимарат республикалық жарыстарды өткізуге әбден жарайды. Өзім Алматыға барып, Абзал аға бөлірген 5 млн теңгеге жуық қаржыға спорт жабдықтарын алып келдім. Жақында бізде спорттың осы түрін облыстық турнир өтеді.

Осы жерде былтыр өмірден озған даңқты спортшы ағамыз, Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкөмірұлының мына сөзі еске оралады. Оның «Бізде 5 мыңдай ауыл бар шығар, сол ауылдарды қазықтан бес мың жігітті гүлдендіріп, көтеріп жіберсек» деген арманы көпшілікті әлі де тебірентпей қоймайды. Мен кейде Жақсылық ағамыздың осы арманына қосыла отырып, Абзал ағамын Нағи ауылында туғанына қатты қуанамын. Өйткені, ол біз секілді спортсүйер жастарға осындай сарай тұрғызып берді емес пе?!

Гүлсараның мақтанатындай жөні бар. «Ауылға қонақ келсе, бірден аралатып, маркаятын жұртпыз. Тіпті, жан-жақтағы ауыл, тіпті аудан орталығынан үйленген жастар келіп, әдемі бейнееролик те дайындайды. Әсем ғимараттар, гүлзарлар, бәрі керемет көрініс. Жоқ-жетіктің барлығын Абзал мен Дархан аға шешіп беріп отыр. Қызылорда емес, Қазақстан ауылдарына ұлға. Енді санаулы уақытта күзгі егін жинауға кірісетін кез келеді. Республикаға белгілі ауылда туып-өскен біздер шынымен де бақыттымыз ғой».

Осылай деген жаттықтырушы қыз маңдайы тершіген күйі теннис үстеліне қайта кетті.

Ел мерейін асқақтатқан Тәуелсіздікке биыл 30 жыл. Осы уақытта Сыр өңірі сәулетті, дәулетті, ырысы мен ынтымағы жарасқан елге айналды. Біз айтып өткен, Тәуелсіздік жылдарында өсіп-өркендеудің өнегелі жолына түскен күрделі ауылдар уақыт өткен сайын мекейіп келеді.

Суреттерді түсірген
Н.НУРЖАУБАЙ



● СҰРАНЫСТЫ СҰХБАТ

«Заман тыныш, қоғам жайлы. Білім алуға керектің бәрі бар. Әлемге жол ашық. Бірақ тәрбие мен рухани құндылық кейінге қалды». Бұл жұртшылықтың жиі айтатын сөзі. Қазір үлкендер тұрмақ, кей баланың да көзінде нұр, көңілінде сенім, бойында мейірім жоқ. Қызылорда облысының кәметекте толмағандардың істері жөніндегі сотының судьясы Қайратбек Бержановпен әңгімелесу барысында осындай ой түйдік.

Сұхбатта балалар тәрбиесі мен қалыптасуы туралы кеңінен сөз қозғалды. Жұырда аймақтағы педагогтардың басын қосатын Тамыз кенесі өтті. Тәрбие ісіндегі бұл оқлықты оқытушылар да ескерсе дейміз.

«Рухани құндылық болмаса, білімнен не пайда?»

– Қайратбек Махамбетұлы, жұмысыңыз балалармен тікелей байланысты. Заман дамыды, бар мүмкіндік жасалды дейміз. Бірақ, олардың дамуы, қалыптасуы туралы сіз не айтасыз?

– Күн сайын балаларға қатысты түрлі оқиғамен бетпе-бет келеміз. Олар қатысқан қылмыстарды көрген сайын осы әрекетіне не себеп болды деп ойланатынымыз рас. Қазір қоғамда шешімін таппаған, қордаланған мәселе өте көп. Мемлекет басшысы халық үніне құлақ асатын мемлекет құруды тапсырды. Бірақ Үкімет халықты естімеуі былай тұрсын, мемлекеттік органдар бір-бірін естімейтін жағдайға жетіп қалдык. Сот жұмысы әкімдік, білім басқармасы, бөлімдерімен байланысты. Кейде оқушылар арасында орын алған жағдайға қарай жеке қаулылар шығарып, министрлік, әкімдікке осы іске қатысты шара қолдануын сұратамыз. «Осы кезге дейін мына шаралар жасалды, ескерілді» деген мәтіндегі хат келеді. Бірақ, мұндай ресми хабарламадан мәселе шешіліп кетпейді. Бала құқығын қорғау, тәрбие жұмысына байланысты шараларды жоққа шығармаймыз. Бірақ оқушылардың шағын аудандарға бөлініп төбелесуі, жазықсыз қатарласына жәбір көрсетуі бұрынғы жұмыстың көбі нәтижесіз екенін көрсетеді.

Бізде жеткен әр жағдай балалардың көбінде құндылық жоқ екенін дәлелдеп кетеді. Қазір М.Дулатов (аты-жөні өзгертілді) деген оқушының ісін қарап жатырмыз. 9-сыныптың оқушысы қоғамдық орында бөтен біреуді пышақпен жаракаттаған. Неге мұны айтып отырмын? Мәселе оның осы іске қалай қатысуында болып тұр. Бұл жасөспірім орталықтағы белгілі мектепте білім алады. Мәңгідей қысқа баяндамас, осы жағдайдың алдында бір күн бұрын көшеде екі бала оқушы күзбен сөйлесіп тұрды. Сол жерде қызды бұрыннан танытын жігіт жолығып қалып, алғи балалармен арада жанжал туындайды. Кішігірім төбелес дұрыс амандасады деген желеуден басталған. Біреуі сол жерде ағасын шақырды, ол да жанжалға кіріседі. Нәтижесінде екі жақ орталық алаңның тұсында жиналамыз деп уәдесеседі. Ертеніне алғи жерде 30-40 шақты бала топтасады. Екі жақтан бір-бір «күшті» баланы шығарып, алдымен соларды төбелестіреді. Осының арты жаппай төбелеске ұласып, уәделде екі балаға соқтығысқан жігіт қашады. Соның алдында ғана жолдастары М.Дулатовты телефонмен шақырған. Тасбөгеттен арнайы келе жатқан М.Дулатов таксиден түсе сала, бір жігітті екі-үш жолдасының қуып бәрі жатқанын көреді. Оқиға неден басталды, кім кімді неге қуып бара жатқанын түсінбестен бұл да ілесіп, алғи жігітке жетіп алып, жауырынына кішкентай пышағын салып қалады. Асығыста ет қызумен жәбірленуші де оны сезбейді, қан саулағанын көргенде жанындағылар қашады.

Оқушы М.Дулатовтың әрекетін қарайышы енді? Ол жәбірленушіні танымайды, өмірінде көрмеген. Оқиғаның неден туындағанын да білмейді. Барды да дүрмекке ілесіп, қару қолданды. Бұл қоғамға қауіпті әрекет пе? Қауіпті әрекет.

Осы іс бойынша сот процесі өтті. Жағдаймен жете танысын, мәселелер барын көрсін деген оймен мектеп директорын шақырдык. Алайда, еңбек демалысында жүруіне байланысты орнына тәрбие және оқу ісі жөніндегі орынбасары келді. Дулатовтың қай жылдан бері мектепте оқитынын сұрап едік, нақты айта алмады. Мектеп оқушысының осы

жағдайға қалай қатысқанын білесіз бе десек, оны да жөнді білмейтін болып шықты. Бұл жағдай мамыр айында орын алған. Сондықтан «Мұндай оқиға неден болды, бізден қандай кемшілік кетті деген оймен баланың ата-анасын шақырып, осыған не әсер еткенін сұрадыңыз ба?» десек, «Менен де басқа орынбасарлар бар, солар қараған шығар. Мен тәрбиеден бөлек, оқу процесіне де жауаптымын» дейді. Қазір

Қайратбек Бержанов:

«МЕКТЕПТЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА ӨЗГЕРІС КЕРЕК»

деп сұранышы. Түсіндірме жұмыс жасаймыз дейді. «Тағы не істейсіздер?», «Шаралар өткіземіз?», «Қандай шаралар өткізесіз?», «Тақырып бойынша жоспарлы шаралар өткіземіз?». Мектепте жыл басында жоспар жасалады, ол да осыдан он жыл бұрынғы жоспардың көшірмесі секілді.

Кез келген пән бойынша білім берудің тәсілі заманға сай өзгеріп отырады. Ал, тәрбие жөніндегі әдіс-тәсілдерді өзгертіп отырмаймыз ба? Мектепте тік-ток пен Instagram, Youtube-ның ықпалына қарсы бірден жасап жатырмыз ба? Менің ойымша, нәтиже беретіндей ештеңе жасалып жатқан жоқ. Қазіргі бала газетті де, теледидарды да қарамайды. Олар интернеттен түрлі бейнежазба көреді, өзі секілді балалардың жасағанын қайталайды. Сондықтан бұрынғы сарында өтетін тәрбие сағатымен баланы қызықтыру, әсер ету мүмкін емес. Қазір әр мектепте психолог бар. Бір кездері суицид көбейді де, соған қарсы тест дайындап қойды. Суицидке барғысы келетін баланы бірден анықтап, жұмыс жасайды. Ал, неге біз әлгіндегі рухани, ұлттық құндылықтан қажуға жүрген балаларды да анықтамаймыз?

Ұстаздар біздің қолабымыз өздерінің қолында екенін сезінуі керек. Олар тәрбиеленген балалар қоғамға қандай адам болып қосылып жатыр? Қазір ұрлық-қарлық та, жол-көлік оқиғасы да көп. Неге? Жол сапасы 30 жыл бұрынғыдан әлдеқайда жақсы. Көлік те көп бала берсін. Айдауымыз дұрыс емес қой. Әсіресе ауданнан қалаға жолаушы таситын таксилердің жылдамдығы адам шошырлық. Біреуді жазым етем-ау, жолаушылардың жағдайы қалай болмақ деген оймен шаруасы жоқ. Тек өзса болды. Сауаттылық пен мәдениеттілік қайда? Ондай адамдар қайдан шықты? Олар шетелде оқып келген жоқ қой. Біздің мектепте, біздің қоғамда тәрбиеленді.

– Бұрыннан қалыптасқан жағдай, жасөспірімдердің ауданға бөлініп, «шекарасын» белгілеп, бір-бірін кіргізбей қоны әлі де бар ма?

– Қармақшы мен Қазалыда балалар ішкі аудандарға бөлініп алған. Жосалы кентінде де жасөспірімдер «Десятка», «Садовой», «Құсхана», «Аэропорт» атты аудандарға бөлініп жүретіні анықталды. Өткенде Қазалыда мынадай жағдай болды. Екі-үш бала кешкілік көшеге шықса, екі-үш қатарласының кетіп бара жатқанын көреді. «Ей, сендер кімсіңдер? Бері келіңдер» деп айқайлайды. Әлгі үшеуі үндемейді, бейтаныс балалар тиісер деген оймен қашады. «Демек, бұл паленшенің районындағы балдар ғой» деп, бұлар да қуа жөнеледі. Жәй кумай, бірі әлгі үшеуіне жерден кіршіп алып лақтырады. Кіршіп біреуінің басына тиіп, жерге есінен танып құлайды. Жәбірленушінің осы оқиғадан кейін бас сүйегіне едәуір зақым келіп, ота жасатуына тура келді.

Бұл да кәметекте толмаған баланың ісі. Мүлде танымайтын адамға жәбір көрсе-



толмағандарға қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ретінде қалалық, аудандық білім бөлімдері бекітілген. Қызылорда қаласының білім бөліміне жүктелген қамқоршы және қорғаншылық жөніндегі функцияларға жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, орналастыру және құқықтарын қорғау жатады. Сондай-ақ, қорғаншылар мен патронаждық тәрбиешілерге бақылау жүргізу, асырап алушылардың есебін алу, бөлек тұратын ата-аналар арасында балалармен кездесу уақытын белгілеу, сотқа қатысып қорытынды беру, ата-аналық құқығынан айыру туралы сотқа талап арыз жолдау, сотқа қолдау, ұйғарымына сәйкес тексеру актілерін жүргізу функциялары атқарады.

Осы функцияларды жүргізуге бар болғаны бес маман бекітілген. Оның біреуі ғана мемлекеттік қызметкер. Қалған төртеуі штаттан тыс маман. Жоғарыда аталған функцияларды атқаратын бес маманның қалалық білім бөлімі есебіндегі мыңдаған кәметекте жұмсақ толмаған балалардың құқықтарын қорғауға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру, олардың құқықтарын сапалы жүзеге асыруға мүмкіндігі жетпейді.

Аталған жұмыстарды атқаруға адам саны жеткіліксіз әрі материалдық жағдайының төмендігі байқалады. Ал, қалалық және аудандық білім бөлімдерінің басшылары қамқоршылық және қорғаншылық жөніндегі функциялармен айналыспайды. Себебі, білім бөліміне жүктелген басқа да міндеттер бар.

Бұл жағдай облыс бойынша кәметекте толмаған балалардың сапалы қорғалуына кері әсерін тигізіп отыр. Ойлап қараңызшы, бес адам жауапты әрі өте маңызды функциялардың бәрін тианақты, егжей-тегжейлі атқаруына, қаладағы қаншама боланың құқығының қорғалуына уақыты, физикалық тұрғыда шамасы жете ме? Сондықтан, балаларға көрсетілетін кәметектің алдын аламыз, жарқын болашағын қалыптастырамыз десек, бұл жұмысқа жауапты қызметкер санын көбейту қажет. Тіпті оларға көлік қарастырылса да артық болмас еді.

Сондай-ақ, жоғарыда айтып кеткенімдей балаларға қатысты құқықбұзышылықтар да кездесіп отыр. Осы тұрғыда кәметекте толмағандарға қатысты қамқоршы және қорғаншылық жөніндегі функциялардың жүзеге асырытын мамандарды білім бөлімінен бөлек шығаруға толық негіз бар деп санаймыз. Егер бұл шаралар атқарылса, балалардың құқықтары мен мүдделері сапалы қорғалар еді.

– Әлемде балалар қылмысы бойынша қай елдер ең төменгі көрсеткішке не? Олардың тәжірибесін неге ескермейміз?

– Меніңше, Скандинавия, Норвегия, Финляндия, Швеция елдерінде балалар арасында қылмыс саны аз әрі бала құқығын қорғау бойынша алда тұр. Олардың тәжірибесін ескерген дұрыс, дегенмен біздің салт-санамыз бөлек. Ол жақта біржаныстылардың некесін қолдау, бала асырап алуына рұқсат беру деген секілді заңдар да бар. Сондықтан өзміздің менталитетімізге ыңғайлысын қараған жөн. Осыдан бірнеше жыл бұрын балалардың құқығын қорғау ұйымы ЮНИСЕФ-тің бастамасымен Қызылордада бір жоба жасалды. Қылмыс жасаған балалардың мінез-құлқын жақсартып, қоғамға бейімдеу үшін басқа елдердің тәжірибесін ала отырып, арнайы мекеме құрылды. Әлеуметтік педагог, психологтар сабақ беріп, балалармен нақты жұмыс жасады. Нәтиже де жақсы екені байқалды. Бірақ біз осы тек жақсы жоба екен

дедік те қойдық. Арада бір жылдан аса уақыт өтіп, жоба уақыты біткенде мекеме жабылды. Өзіміз неге ашпаймыз дегенде үнсіз қалдық. Осындай жобаларды іліп әкетіп, жүйеге енгізгенде балаларға пайдасы тиетін еді.

«Ішімдік саудасынан түскен пайда адал емес»

– Қазір балалар арасында қандай бұзақылық түрі көп?

– Біреудің затын тартып алу, телефонын алып қою, ұрлыққа түсу жағдайлары көп. Ерекше айтып өту керек, елімізде қылмыстың көбі алкогольдің әсерінен болып отыр. Ішімдіктің салдарынан бұзақылық жасайтындар, сол үшін ұрлыққа түсіп, жанжал шығаратындар көп. Алар адамның ақылынан адашып, жақынына ауыр сөз айтып, отбасының бұзылуына әкеледі. Бұл балалар қылмысы ішімдік салдарынан болып жатыр дегенім емес, алайда ата-ананың алкогольге үйір болуы, некенің бұзылуы бүлдіршіндерге қатты әсер етеді. Мұндай балалардың кейбірі өскенде толық отбасының, әке мен шешенің қадірін білмей жатады.

Бір алкогольдің әсерінен қаншама неке бұзылды, көңілге сызат түсті. Сондықтан жамандықтың бастауы болған ішімдікті елге әкелмеудің амалдары қарастырылды. Бірақ бағасын қымбаттату немесе мүлде шығармай қою мәселенің шешімі емес екенін тәжірибелер дәлелдеді. Кеңес үкіметінде арақты мүлде шығаруға, сапнау туралы да заң болды. Сол кезде халық таза спиртке су қосып ішкен жағдайлар кездесті, елде заңсыздық көбейді. Меніңше, ішімдікті ішпеу және арақ саудан тыйылу бұл адамның ішкі рухына, ерік-жігеріне байланысты. Кәсіпкерлер ішімдіктен түскен табыс адал емесін түсінсе, жанталасып пайда үшін сатуын тоқтатады деймін. Халқымыз ежелден обал мен сауапты ойлаған, адал ризық іздеген, «біссімилласыз» астан ауыз тимеген. Қазір де жақынға жанашыр, пейілі кең кәсіпкерлер арамызда көп. Бірақ солардың көбі ішімдік саудадан түскен пайданың адал емесін ескермей жүр ме деп қаламын. Ибн Омар (р.а.) риуаят еткен хадисте Алланың елшісі (с.а.с.) былай дейді: «Арақ он түрлі қырынан қарғыса ұшырады: арақтың өзі, оны ішуші мен құйып беруші, сатушы мен сатып алушы, дайындаушы мен дайындаушы, әкелуші мен әкелдіруші және арақтан түскен пайданы жуеуші Алла тарапынан қарғыса ұшырады». Тағы бір хадисте Пайғамбар (с.а.с.) арақ ішкен адамның намазы қашан тауба еткенше, қырық күн бойы қабыл болмайтындығын айтқан. Сондықтан «өзім ішімдік атаулыға жоламаймын, маскүнемге ішкілемін мен емес» дейтін ниеті оң кәсіпкерлер осыны ескерсе деймін...

– Облыстық кәметекте толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған аудандарлық соты тағы қандай мәселелерді қарайды?

– Облыс орталығы мен барлық аудандағы кәметектік жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердің қылмысын, жәбірлену, зорлық-зомбылыққа тап болу жағдайында, жалпы аса ауыр ерес қылмыс түрлеріне қатысты заң бойынша шешім шығарамыз. Бала құқығы қорғалатын істердің барлығы азаматтық істерге жатады. Айталық, бала асырап алу, ажырасудан кейін баланың кімде қалатынын, ата-аналардың балалармен кездесу уақытын белгілеу, ата-ана құқығынан айыру, шектеу, баланың әкесін анықтау оқиғалары біздің жұмысымызға кіреді. Тіпті, бірнеше әйел алып, бала саны көп болғанда алиментті азайтып беріңіздер деп келетіндер бар. Әкімшілік істер бойынша көбіне балалардың түнгі уақытта ата-ананың қарауынсыз жүруін, әке-шешенің бала тәрбиесіне салғырт қарап, өз құқығын теріс пайдалану жағдайларын қараймыз.

– Балалардың қазіргі жағдайына аландаушылық білдіріп, уақыт бөлгеніңізге рахмет!

Әңгімелескен Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

"SYR BOI" GAZETINĪN ARNAIY BETI

АЛТЫН

tin

Жұрақтың құндылығын білесіз бе?

Құрақ құрау – бұл нағыз өнер, мата қалдықтарын үнемдеп тігудің ерекше түрі. Байқасаңыз, бұл өнер көптеген халықта бар. Орта Азия халықтары қазақ пен қырғызда – «құрақ», Ресейде – «мозанка» немесе «лянокка», ал ағылшындарда «квилт», Жапон халқында «сашико» деп аталады. АҚШ, Германия, Швеция сияқты елдің мұражайында құрақ бұйымдарының коллекциясы бар.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Ең көне бұйым болып табылатын пэчворк техникасы, алғаш рет Индия елінен табылған. Ерте заманда құрастырылған киімдерді келеді, нашар тұратын адамдар киген екен. Ал қазіргі таңда бұндай бұйымды дизайнерлер авангард стилі деп атап, оны қалталылар тұтынатын болды.

Құрақ өнерін жанына серік еткен Лаура Шуанова есімді келіншек тігін тігу ісін анасы Гүлнәрден үйренген. Қазір өзі де үш ханшайымның анасы. Негізгі мамандығы – мектепте психолог. Алайда ана сүтмен дарыған тігіншілік өнері оның сүйікті ісімен қатар қосымша кәсіп көзіне айналды. Ең алғаш тіккен құрақ көрпешесін екінші анасы Райқұл апаға туған күніне сыйлық ретінде жасапты. Содан кейін қыздарының үстіне киетін жеңіл көйлек, жеңілдерді тіге бастайды. Ал құрақ құрау өнерін жұмыстан тыс уақытта тұтынушылардың тапсырысына байланысты орындап жүр.

– Халқымыздың ұлттық құндылықтарының бірі – құрақ өнерінің жасалуын зерттей келе оның тұтас бір елдің тарихынан хабарлар ететінін білдім. Ол қызық, әрі құнды өнер. Ұзақ ізденісті, ыждағатты қол еңбегін қажет ететін іс. Шын шеберлікке



қоса табандылықты талап етеді. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласқан қол-өнердің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін көруге болады. Қазақ дәстүрінде келген қонаққа міндетті түрде құрақ көрпе төселетін. Ол бір жағынан дүниенің кішкентай бөлшектерден құралғаны сияқты, келген үйдің қандай отбасы екенін білдірсе, екінші жағынан сол шаңырақтың жақсы қасиеті – қонаққа, ал қонақтың

жағымды қасиеті – осы үйге жұғып қалсын деген ырым. Мұнымен бірге «қырық құрақ» деген жамылғы бар. Оған «тіл-көзден сақтасын» деп жас балаларды ораған. Қарап отырсаңыз, қазақ құрағы – жай ғана өнер емес, онда терең философия тұнып тұрғандай. Құрақ құрау қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шындайды. Тазалыққа, әсемдікке үндейді, жан-дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Мен көбіне ши, қырық құрақ түрлерін тігемін. Бағасы матасына жұмыстың күрделілігіне орай қойылады. Ең қымбат құрақ көрпешелер 15 мыңға бағалана, жай түрі 6 мың теңге тұрады. Көрпешенің ішіне мақтасын салып, оны көктеу жұмысына енем көмектеседі. Кейде өлшеп, кино жұмыстарына да қолғабыс етеді. Себебі тапсырыс берушінің айтқан уақытына сай орындап беру керек. Бір жағы екеулеп жасаған істің өнімі де тез. Бұрын қол машинасымен тігетін едім. Қазір заманауи электрлі тігін машинамен бар, – дейді өнерлі келіншек.

Отбасында Айару, Раина, Айнамкөз атты қызғалдақтарды тәрбиелеп отырған ана қыздарына да ұлттық өнерді үйрететінін айтады. Жолдасы Қуаныш – математика пәнінің мұғалімі. Көбіне тапсырысты ісінесе жеткізу қызметін жасайтын сол. Бойындағы өнерін қосымша табыс көзіне айналдырып, берекелі кәсіпке ұластырған жас отбасының жарасымды тірлігіне шын сүйініп қалдық.

Ат үстінде шыңдалған ұрпақ рухты

Қазақ буыны қатайған баласын атқа мінгізіп үйреткен. Содан болар 5-6 жасқа келгенде үлкендер жағы «ат жалынын тартып мінер азамат болдың» деп, үміт артып бата беріп жататыны. Атқа мінген адамның бойында ең алдымен рух пайда болады. Оны әрбір адам шынайы сезіне алады.

Сб Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



жүргендердің бірі – жанакорғандық Асылбек Айдарқұлов. Қазір оның баптауында аттар бар. Жоғарыдағы диагноздар қойылған балаларды отырғызып, серуендетеді. Әсіресе, баяу жүргенде және желігенде адам денесінде минутна жүзден астам шайқау импульсі пайда болады екен. Себебі, жануар шапшаң жүрген сайын бұлшық етінің

қозғалысы мінген адамға беріледі.

– Қазір балалар арасында түрлі аурулар көп. Аяғын тік баса алмайтын, денесін тіктеп ұстай алмайтындарға да тиімді. Сондай-ақ бір орында тұрмайтын, үздіксіз қозғалыста жүретін гипербелсенді бала да көп. Ондай балаларды да атқа мінгізу керек. Себебі, ол кезде бала өзін жинақы ұстайды, жануарды сипағанда жүйкесі тынышталыды. Аутизм, Даун синдромына шалдыққан балаларға да пайдасы зор. Олар жануарды көріп қуанады, сөйлеуге, әсерін шығаруға тырысады. Сондықтан иппотерапия – көптеген ауруға шипа, – дейді ол.

Елімізде импотенцияға шалдыққан ерлердің көбейіп жатқанын айтқан дәрігерлер де алаңдаулы. Мамандардың сөзінше, бұған әсер ететін факторлар көп. Соның ішінде жастардың спортпен шұғылданбауы, атқа мінбеуі жасауға қабілетті көптеген элементтерден тұрады. Бұл ағзаның одан әрі күшеюіне алып келеді. Оның температурасы адамның дене қызуынан бір жарым градусқа жоғары екені дәлелденген. Сондықтан атқа отырған сәттен бастап тақымға берілген жылу қан айналымының жылдамдығын арттырып, саусақтың ұшына дейін айналып шығатыны нақтыланған.

Десек те, осы пайдалы кеңесті кейінгі кезде ұмытқандаймыз. Атқа шаппақ түгілі жанына жақын баруға қорқатындар бар. Атсейістердің айтуынша, атқұмар бала мен үзентіге аяқ салып көрмеген баланың арасы жер мен көктей болады екен.

Жылқы мінудің денсаулыққа пайдасы зор. Иппотерапия әдісін қолға алғандар бар. Бұл әдіс жұлынға зақым келгенде, миға қан құйылғанда, жабық бас сүйек-ми жаракатын алғанда, мінез-құлқы өзгеріске ұшырағанда, көңіл-күйі төмендегенде, ұмытшақтық пайда болғанда, шорбуынға және тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылғанда, яғни, бір сөзбен айтқанда, адамның жүйке-жүйесіне қатысты ауруларды емдеуде қолданылады.

Иппотерапия арқылы наукастарға ем жүргізіп

● САЛТ-ДӘСТҮР

Тәрбиенің талбесігі

Зейнеп Ахметованың «Балалар аманаты» естелік-эссе кітабы қазақ халқына қажет тәрбиелік мәні зор туынды, әр шаңырақтың төрінде тұруға лайық.

Байыптап қарасақ, ұлтын шексіз сүйген дақты батыр Бауыржан Момышұлы секілді ел үлгі-өнеге тұтқан терең білімді тұлғалар сирек. Ал салт-дәстүрдің жолын білетін үлкендер азайып барады. Осылайша біз ата мен әженің немересіне беретін тәрбиесінен – қазақ ұлтының алтын қазығынан ажырап барамыз. Зейнеп Ахметованың «Балалар аманаты» атты кітабы осы олқылықтың орнын толтыра алады.

Батыр атамның отбасында айтылған сыр мен шертілген ғибраттың әңгімесінің алғашқы бөлігін Зейнеп Ахметова оқырманға осыдан 34 жыл бұрын ұсынған болатын. Сонау кеңестік заманда, 1987 жылы шыққан «Шуақты күндерді» оқушы кезімде сатып алғанмын. Содан бері «Шуақты күндер» үстелімнің үстінде тұратын, жиі қолыма алатын сырласыма айналды. Әр оқыған сайын өзіме өмірдің жаңа парактарын ашқандай боламын.

Автордың шеберлігі жарты ғасыр бұрынғы оқиғаларды күні кеше ғана өткендей көз алдыңызға келтіреді, көңілде жатталып, көкейде түйгендерін

шешен тілмен баяндайды. Бұл шығарма жас буынға ғана емес, еңбектеген бүлдіршіннен еңкейген қартқа арналған. Қос кітапты парактаған кез келген жастағы жан өзіне керектісін алады, көкейде жүрген сауалдарына жауап табады.

Енді аталған шығармадан үзіндіге кезек берейік: «Бұрын қазақ қазіргідей үлкен-кіші, еркек-әйел жаппай сүйісіп амандаспайтын. Әсіресе, батпандай ер-азаматтардың кездескен жерде сүйісіп амандасуы қазақ қауымында бұрын атымен жоқ еді. Бұл Хрущевтің билік құрған кезінен кең етек алып, жайылып кетті. Ерлер қолдасып амандасуы еді. Сағынысып көрсекенде құшақ айқастырып қауышатын. Міне, осыларды «ерекше сөлемдесу» дейді. Ал әйелдер өзара құшақтасып, сүйісіп амандаса беретін. Қариялар өзіндік баласындай, немересіндей жастарды жақсы көріп өмірленгенде құшағына қысып, арқасынан қағатын.

Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан. «Басынан сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық

болып қалады» деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерісі, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданатын жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан сипаған. Қыз – жатжұрттық, қыздың бағы – үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдыңда не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады?» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бақырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасалды. Қандай ғажап ырым десеніңіші... Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екенін бағамдай білмейді екенбіз.

Мұнан біз бабалар аманатына адал болу қажет екенін ұғамыз. «Мен білгенімді саған айтам, сен өзіңнің балана айтасын, үйретесін.

Кейін бала өз баласына айтса, сөйтіп, бір шаңырақта бабалар аманаты жалғасалды. Күнделікті тілімізде «Елге еңбек сіңіріп, халыққа қызмет ету» деген сөз ер деңгейде жиі айтылады. Мұның шынайы мәнін көбі ұға бермейді. Елге еңбек сіңіріп, халқына, ұлтына қызмет ету деген – ең алдымен, ана тілінді, ата дәстүрінді отыңның басында сақтап, ұрпағынның бойына сіңіру деген сөз. Осыны ұмытпаған адам өз халқының алдында жеген нанын, татқан тұзын ақтайды. Балаларым ретінде сендерге де мұны аманат, өсиет етемін» деген сөзі халқының болашағын ойлаған дана адамның жүрегінен жарып шыққан жанашыр лебіз, биік тұжырым деп есептеймін.

З.Ахметованың аталған кітабы дәстүрлі ұлттық тәрбиенің маңыздылығын қарапайым тілмен жеткізіуімен құнды. Автор батыр атаның әңгімелерін шынайы күйде мөлдіретіп баяндайды. Азат еліміздің жас ұландары ұлттық салт-дәстүрді бізге жеткізетін осындай кітаптардың арқасында ғана қазақы болмысты сақтап, ақыл-қуаттың сарқылмас қорына қол жеткізбей.

Сәуле ЖОЛШОРАЕВА, №211 А.Байтұрсыннов атындағы орта мектептің мұғалімі

● ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

Сыр спортының сенімді жолы

– Кейінгі жылдарда өңірде дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылданушылар саны артып келеді, – дейді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жаксылық Оспанов бізбен әңгімесінде. – Бүгінде көрсеткіш 31,3 процентке жетіп, спортты серік еткендер 254 мың адамнан асты. Бұл мақсатта 282 спорт нұсқаушы 138 елді мекенде қызмет атқарады. Ауылдық жерлерде 42 мың адамды тұрақты түрде дене шынықтырумен шұғылдануға көңіл бөлінген. Сондай-ақ, облыстың барлық аудан орталығы мен Қызылорда қаласындағы 8 дене шынықтыру-сауықтыру клубтарында салауатты өмір салтын ұстануға көңіл бөлгендер қатары арта түсті.

Биыл аймақта түрлі деңгейдегі сайыстар өткізуге жол ашылды. Осы мақсатта жыл басынан бері

Республикасының чемпионаты мен кубогы ұйымдастырылған. Мәселен, жастарымыз самбо, гандбол, спорттық би, велоспорттан бәсеке көрігін қыздырса, ауыр атлетикадан жарыс онлайн жүйеде 2 рет өткізілді. Сондай-ақ, республикалық 20 және облыстық деңгейде 84 біріншілік ұйымдастырылды.

Облыста халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында жақсы жұмыс жасалып келеді. Сол арқылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 спорт кешенінің құрылысы қолға алынады. Қуанарлығы, «Самұрық» корпоративтік қорының демеушілігімен Қызылорда қаласына қарасты Ж.Махамбетов ауылдық округінен көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы бой көтереді. Бүгінгі күндері «Нұрсәт» теннис орталығы жанынан 4 жабық

спорт шебері, 278 ҚР спорт шеберлігіне үміткер, 57 бірінші спорттық разрядты спортшылар дайындалды, – делі және бір сөзінде басқарма басшысы.

Ақтау қаласында дзюдодан өткен Азия кубогында Мағжан Шамшадин чемпион атанса, Салтанат Сұлтанбекова, Бауыржан Жауынтаев пен Айбек Серікбаев үздік үштікті түйіндеді. Ал Үндістанның Нью-Дели қаласында стэнд атудан өткен Әлем кубогында Айжан Досмағамбетова екінші, Максим Коломоец үшінші орынға табын тіреді. Алматы қаласында күрес түрлерінен Азия чемпионатында Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен алтын алса, өйелдер күресінен Асылзат Сағымбай қола жүлдегер атанды. Бокстан жастар арасында өткен Әлем чемпионатында Әсел Сағатова, ауыр атлетикадан Азия чемпионатында Айзада Мүптілда қола жүлдеге қол



Қамшыбек ҚОҢҚАБАЕВ:

Жерлестерімнің қолдауы қанаттандырады

Туған топырақтың қуаты күшті. Жерлестерімнің ыстық ықыласы маған ерекше сезім сыйлады. Мұндай қолдау бізді әрдайым қанаттандырады.

Олимпиадаға аттанар алдында алдыма үлкен мақсат қойдым. Оған қоса ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев беделді бәсеке алдында спортшыларды арнайы қабылдап, бізге тілектестігін білдірді. Маған Олимпиада ашылуында еліміздің туын алып жүру міндеті жүктелді. Сондықтан мен үшін жүктелген міндет екі есе арта түсті.

Токиода көптеген тәжірибелі спортшылар ел күткен нәтижеге қол жеткізе алмады. Оның сан алуан себебі бар. Әрбір сайыс спортшыға оңайға соқпайды. Сол мақсатта қаншама қажыр-қайрат жұмсалды, маңдай тер төгілді. Қиындықпен бетпе-бет келеді. Десе де, қазақстандық спортшылардың апар асуы алда деп ойлаймын. Сол бір сын сәттерде бізге қолдау көрсеткен барша жанкүйерге алғыс айтқым келеді.

Өзім алға қойған мақсатымды толық орындадым деп айта алмаймын. Әрбір қарсыласым осал болған жоқ. Кейбірінде қолданған әдісім дұрыс шықса, ендігі бірінде өтпей қалды.

Ресейлік боксшымен спаррингтік кездесулер өткіздім. Бахадор Жалоловпен де бірнеше мәрте шаршы алаңда шеберлік байқастық. Олимпиадаға әлсіз спортшы келмейді. Сондықтан оның әрбірине тыңғылықты дайындық жасалық.

Ұлттық құрама сапында жеңімпаз және жүлдегер болуға лайықты жігіттер аз болған жоқ. Өкініштісі, біреудің бағы, біреудің бабы келмеді. Еншімізге екі жүлде бұйырды. Олимпиада ойындарына алғаш рет қатысқандықтан аздап толқыныс болғаны рас. Кейде рингте талай рет жеңіп жүрген қарсыласың Олимпиадада өзін өзгеше қырынан танытуға ғажап емес.

Енді әуесқой бокспен қатар бұрынғыдай кәсіпқой рингтегі жекпе-жектерімді жалғастырамын. Биыл өтетін Әлем чемпионатына қатысуым мүмкін.



564 бұқаралық спорттық іс-шаралар өткізіліп, оған 53 мыңнан астам адам қатысты. Атап айтқанда, балалар-жасөспірімдер спорт мектептері арасында облыс біріншілігі ұйымдастырылды. Әуесқойлар арасында жауынгер-интернационалист Батыржан Шалғынбаевты еске алуға арналған республикалық дәстүрлі турнир биыл да жалғасын тапты.

Басқарма басшысының айтуынша, өңірде велоспорттан елімізден шыққан тұңғыш Әлем чемпионы Марат Сатыбалдиев, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Жетес Сүлейменовтің жүлделеріне арналған республикалық турнирлер көпшілік қызығушылығын туғызып келеді. Ал қазақ күресінен облыстық «Алтын белбеу» жарысы он жылдан бері талай мықты азаматтың танылуына жол ашты. Футболдан ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушысы Тимур Сегізбаевты еске алуға арналған жарыс та оқушылар арасында кеңінен танымал.

Айта кетерлігі, жыл басынан бері көптеген спорт түрлерінен 8 Қазақстан

тенис корты ашылса, байдарқа және канозе есу базасы құрылды.

– Облыста спорт резервін әзірлеу бағытында түрлі мекемелер қызмет атқарады. Атап айтқанда, олардың қатарында балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі, олимпиадалық даярлау орталығы және 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жас ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеп келеді. Бұл мекемелерде 20 мыңнан астам өрен спорттың 47 түрімен тегін шұғылданады.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінен, спорт клубтарында дене шынықтыру және спортпен тұрақты шұғылданатын 7-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер саны 29 876 адамға жетті. Ол 17,6 процентті құрайды.

Облыс спортшылары ел біріншілігі мен кубоктарында 700 медаль жеңіп алды. Олардың 211-і алтын, 208-і күміс, 281-і қола. Ал Әлем және Азия чемпионаттарында түрлі деңгейдегі 47 медальға қол жетті. Нәтижесінде 35 ҚР

жеткізді. Пара пауэрлифтингтен Әлем кубогында Станислав Шакиев чемпион атанса, Әлем кубогында Кабира Асқарова үштіктен көрінді. Ал ауыр атлетикадан жастар арасындағы әлем чемпионатында Рахат Бекболат пен Айсамал Сансызбаева алтын медаль иеленді. Жекпе-жек сайысынан Әлем чемпионатында Бакытбек Үмбетқұлов қола жүлдегер атанды.

– Жақында ғана аяқталған Токио Олимпиадасында облыс атынан бокстан Қамшыбек Қоңқабаев, еркін күрестен Дәулет Ниязбеков және каратэ-додан Мөлдір Жаңбырбай ел намысын абыроймен қорғады. Бокстан ұлттық құраманың капитаны Қамшыбек Президентіміздің қолынан Қазақ елінің Көк туын алып, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері атанды. Бұл – біздің Сыр спорты үшін үлкен мақтаныш, – делі басқарма басшысы.

Енді 24 тамыз және 5 қыркүйек аралығында Токио қаласында XVI жазғы Паралимпиада ойындары өтеді. Онда облыстан Даяна Федосова парадзюдо спорт түрінен сынға түседі.



Дәулет НИЯЗБЕКОВ:

Жарақат құлашты жаздырмады

Құнығыс еліндегі беделді бәсекеге үлкен үмітпен аттандық. Мұндай мүмкіндік бола бермейді. Мен ұзақ жылдан бері еркін күрестен тұрақты түрде айналысып келемін. Бапкерлердің көмегі көп.

Ашығын айтайын, Олимпиадаға жарақатпен бардым. Алғашқы белдесуімде денсаулығым сыр берген жоқ. Дегенмен, белдесу барысында ескі жарақаттар сезіліп, бозкілем үстінде ойлаған әдістерімді жасауға кедергі келтіргені рас. Жұбаныш белдесуіндегі Сенегал балуанымен бәсекеде жарақатым бірер кедергі болды.

Ал жартылай финалда өзімнің бұрыннан жақсы танытқан қарсыласым, үндістандық Баджрангпен кездестім. Негізі, оның да жарақаты бар екен. Жеңуге де мүмкіндік бар еді. Алайда, жарақатым жолымды байлады.

Қазіргі таңда отаға дайындалып жүрмін. Мойын омыртқамға зақым келген. Шетелден дәрігер іздеп жатырмыз. Түркия емханаларынан жауап та күтіп отырған жайымыз бар. Емделген соң, күрестегі әрі қарайғы жолым белгілі болады.



Мөлдір ЖАҢБЫРБАЙ:

Үлкен тәжірибе жинап қайттым

Мен Олимпиадаға маусым айында лицензиялық турнирде жоллама алдым. Сол сәтте ерекше қуанышта болғаным жасырын емес. Олимпиадаға уақыт өте жақын қалды. Десе де, біз оған дайындығымызды тиянақты жүргізе алдық.

Еліміздің атынан Токиоға бес спортшы аттанды. Олардың әрбірі жанкүйер үмітін ақтайтын деңгейде шеберлігін көрсетті деп ойлаймын. Каратэ-до спортынан ұлттық құрама сапында Дархан Асәділов ең алдымен жекпе-жекте бастады. Жартылай финалға дейін жетіп, қола жүлдегер атанды. Бұл өзге әріптестеріне серпіліс бергендей болды.

Мен де әрбір жекпе-жегімде сәтті ойын көрсетуге күш салдым. Қарсыластарымның ешқайсысы осал болған жоқ. Олардың кейбірімен бұдан бұрын да жолыққан едім. Кейбірін қапы қалдырып кеткен уақыт та кездескен еді.

Жекпе-жекте барлығы өзін өзгеше қырынан танытуға тырысады. Мен де ұрымтал сәттерде аяғымды жоқ. Алғашқы жекпе-жегімде египеттік Радва Сайедті жеңдім. Дегенмен австриялық Беттина Планкка 3:4 есебімен есе жіберіп қойдым. Украинаның Анжелика Терлоганов жекпе-жек біткенге дейін жеңіп тұрған едім. Соңғы секундта ол бір ұпай еншілеп, таразы басы теңесті. Өкініштісі, төртінші қарсыласым Михо Мияхароға есе жіберіп, жартылай финалға шыға алмадым.

Олимпиада үлкен тәжірибе болды. Дайындығымды пысықтап, тынбай тер төгемін.

Университет мақтанаштары

Қорқыт ата университетінде жастар Токио Олимпиадасына қатысқан бокстан қола медаль иегері Қамшыбек Қоңқабаев пен каратэ-до шебері Мөлдір Жаңбырбаймен кездесті. Оларға «Үздік түлек» медалі табыс етілді.

Жүздесу барысында университет ректоры Бейбітқұл Кәрімова жоғары оқу

орны ұстаздары мен студенттері атынан лебізін білдіріп:

– Біз Қамшыбек пен Мөлдірдің дүбірлі долада ел намысын қорғаған сәтінде екі есе жанкүйер болдық. Ұстаз әрдайым шәкіртімен мақтанады. Алдағы уақытта осындай биіктен көрініп, көк туымызды желбірте беріңіздер, – делі.

Сөз кезегінде «Өзіміз білім алған оқу ордасына келгенімізге қуаныштымын. Бізге университет білім, кәсіби бағдар берді, спортпен айналысуымызға жол

ашты. Сондықтан ұстаздарымызға алғысымыз шексіз. Қай кезеңде де жанкүйерлерді қуанта беруге күш саламыз», – делі Қамшыбек Қоңқабаев.

Университеттің «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі Ләззат Майлыбайқызы: «Қамшыбек университетте заңгер мамандығы бойынша білім алды. Төрт жыл оқыған уақытында ол облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарға тұрақты қатысты. Оқуын да ойынан

шығарған емес. Берілген тапсырманы орындауда жауапкершілік танытатын. Өзін тәртіп пен нақтылықтың адамы екенін көрсете білді. Қазір Қамшыбек боксшы болумен қатар Қызылорда қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімінің аға лейтенанты қызметін атқарады», – деп шәкіртіне ұстаздық ықыласын арнады.

Жүздесу барысында ұстаздар каратэ-до шебері Мөлдір Жаңбырбай туралы да жылы лебізін жеткізді.

Ағайынды велошабандоздар

Тас жолдағы тартысты бәсеке – велоспортты талай адам қызыға көреді. Біздің елімізде әлемдік деңгейде жүлдегер атанған жампоздар шоғыры біраз. Кезінде велосипедті шыр көбелек айналырған шеберіміз Марат Сатыбалдиев велотректен Әлем чемпионы атанғанын Сыр бойындағы дүйім жұрт әлі күнге дейін ұмыта қойған жоқ. Сол сапақтың сара жолын лайықты жалғастыра білген Берік Көпешов те Азия чемпионы атағына ие болды. Жарасымды дәстүр қазір де жалғасып келеді. Олардың қатарында ағайынды велошабандоздар Мәди мен Ғабиден Әзен бар.



Спорттың бұл түріне алдымен Мәди қадам басқан екен. Мәдиден бірге велоспорт мектебіне інісі Ғабиден де жиі келетін. Онда балалардың тынымсыз тер төгіп, жол үстінде жарыс көрігін қыздырып жататынын көретін. Осылайша Ғабиденнің де велоспортқа қызығушылығы оянда. Ағасымен бірге күнделікті жаттығудан қалмайтын болды.

– Содан бері көп жылдар өтті. Велоспорт сайыстың оңай түрі емес. Қиналдық, оған мойыған жоқпыз. Азия құрлығында чемпион атандым, ел біріншілігінде бірнеше мәрте топ жардым, басқа да халықаралық жарыстарда алдыңғы лектен көріндім. Мәди де сондай табыстарға кенелді. Әкем – Әміржан, анам – Ғалия, бауырларым бізге әрдайым тілеулес. Айта кетейін, біздің елімізде велоспортқа ерекше мән беріліп келеді. Қазіргі таңда әлемдік деңгейде тас жол үстіндегі тартыста топ жарып жүргендер – соның бір аяғы, – дейді Ғабиден.

Бетті дайындаған Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

ЖОБА

«2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы №198 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 18404 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы №198 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізімінде 8140 нөмірімен тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген қаулының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін және ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын, субсидиялар алуға арналған өтім беру мерзімдерін бекіту туралы»;
көрсетілген қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбілқалықова
«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы «4» ақпандағы № 198 қаулысымен бекітілген

2021 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері және ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары, субсидиялар алуға арналған өтім беру мерзімдері

№1 кесте

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

Table with 3 columns: №, Субсидиялау бағыты, Субсидия көлемі мың теңге. Rows include selection and breeding, and fattening of various animal breeds.

Table with 2 columns: №, 2021 жылға ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату. Rows include various animal breeds and their feed costs.

Ескертпе: Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдык нысандағы тәуліктік балапанды, ірі кара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-нан аспайтын мөлшерде субсидияланады. Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қосқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Table with 4 columns: №, Субсидиялау бағыттары, Өлшем бірлігі, 1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, тенге. Rows include various types of animal breeding and fattening.

Субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары, субсидиялар алуға арналған өтім беру мерзімдері

Table with 5 columns: №, Субсидиялау бағыты, Өлшемшарттар, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі, Өтімді беру мерзімі. Rows include various types of animal breeding and fattening.

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚУ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚЫЛДАМ
1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

Сыр бойындағы сырлы қалалар

Сырдарияның төменгі ағысы көне ескерткіштерге толы. Соның ішінде Жаңадария, Іңкәрдария бойында сақ дәуіріне жататын көне қалалар жиі кездеседі. 15 тамыз – Археологтар күніне орай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Антик» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, археолог Жанболат Өтебаев Сыр бойындағы көне шаһарлар туралы жан-жақты айтып берді.

Мәселен, Іңкәрдария бойында б.з.д. 2 мың жыл бұрын қала оркениеті дамыған. Соның ішінде Шірік Рабат және Бәбіш молла ескерткіштерін айтуға болады. Қазіргі таңда қос ескерткіш кешенінде үлкен жұмыстар жүргізіліп жатыр. Брифингте археолог осы аумақтағы зерттеу жұмыстары туралы кеңінен айтып, Сыр бойындағы сырлы қалалардың құпияларын ашты. «Сонғы жылдары Бәбіш молла ескерткішінен үлкен өндірістік ошақ табылған болатын. Өз заманында қыш өндірісі дамыған. 9 пештің орны бар. Нақты кезеңде мұнда толыққанды зерттеу және тұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, осы маңайдан тарының дәні табылды. Соны Латвия мемлекетінде археологтар зерттеп жатыр. Бір қызығы, Бәбіш молла маңынан егістік алқаптары көптеп сақталған. Ескерткіш маңынан бір әулеттің кесенесі табылып, бүгінде сол бойынша антрополог мамандарды шақырды», – деді орталық жетекшісі. «СБ» ақпарат

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ҰСТАЗ

2021 жылдың 92 тамызы күні 71 жасқа қараған шағында ардагер ұстаз Құлшар Рахметова өмірден озды. Құлшар Рахметова 1930 жылы Қызылорда облысы Сырдария ауданында өмірге келіп, осы ауданның №40 орта мектебін бітірді. 1952 жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының бітіргеннен кейін осы мектепте ұстаздық еңбек жолын бастады. 1960 жылға дейін Коммунизм, Аманкелді атындағы орта мектептерде физика пәнінен сабақ берді. 1960-1962 жылдар аралығында партия қызметінде болды. Одан кейін Сырдария ауданының Теренөзек ауданына қосылуына байланысты қайтадан ұстаздық жолын жалғастырды.



1963-1968 жылдар аралығында оқу бөлімінің инспекторы, әдіскері, Орджикидзе мектебінің директоры қызметін атқарды. 1968 жылы Қазақстан Компартиясы Сырдария аудандық атқару комитетіне хатшы болып сайланды. Осы қызметті 7 жыл атқарып, 1975 жылы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1987 жылы еңбек жолын аяқтап, зейнеткерлік демалысқа шықты. 25 жылдан аса уақытта бірнеше рет облыстың ференцияларына делегат, аудандық партия комитетіне мүшелікке, бюро мүшелігіне, аудандық кеңеске, депутаттыққа сайланып отырды. 1993 жылы «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Өр жылдарда Қазақстан комсомолының VII съезіне, мұғалімдердің Бүкілодақтық II съезіне, Қазақстан мұғалімдерінің V съезіне, Әйелдердің және Білім қоғамының Республикалық съезіне делегат болды. КСРО, Қазақ КСР-і Халық аразу саласының үздік қызметкері белгісімен, тын бітіргеннен кейін осы мектепте ұстаздық еңбек жолын бастады. 1960 жылға дейін Коммунизм, Аманкелді атындағы орта мектептерде физика пәнінен сабақ берді. 1960-1962 жылдар аралығында партия қызметінде болды. Одан кейін Сырдария ауданының Теренөзек ауданына қосылуына байланысты қайтадан ұстаздық жолын жалғастырды.

Бүкіл саналы ғұмырын болашақ ұрпақ тәрбиесіне сарп еткен Құлшар Рахметқызының жарқын бейнесі көз алдымызда. «Жақсының аты өлмейді» деген шындық шығар. Ақ жүректі абзал жан, үлкеннің де, кішінің де көңілін таба білетін, кез келгенге үлгі, өз ісін білтірі болатын. Ұлағатты ұстаз Құлшар Рахметқызының жүріп өткен жолы мәңгі өшпейді, рухы мәңгі жасай береді. Отбасына, туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Жаныңыз жұмақта болсын, аяулы ұстаз. Облыстық білім басқармасы, қалалық білім бөлімі, №176 орта мектеп ұжымы

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ
Басшының Аты-жөні, тегі және лауазымы: Усаин Медет (басқарма басшысы)
Қабылдау күндері: Бейсенбі
Қабылдау уақыты: 16.00-18.00
Байланыс телефоны: тел: 60-53-32
Қарабаев Галымжан Мырзахметұлы (басқарма басшысының орынбасары)
Жұма
17.00-19.00
тел: 60-53-32
Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Сенім телефоны» 60-53-35

ХАБАРЛАНДЫРУ
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 25 қаңтардағы шешімімен «Алатау-Несие» ЖШС-на (БСН:131140008057) мәжбүрлі түрде таратылатындығы жөнінде хабарлайды. Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үй.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі белгілі қаламгер, «Қазақстанның құрметті журналисі» Байназарова Миуагүл Қожасқызына немере інісі Нұрғабыл Байназаровтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. *** «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Қазақстанның құрметті журналисі», белгілі қаламгер Байназарова Миуагүл Қожасқызына немере інісі Нұрғабыл Байназаровтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Корей халқының батыры



Корей халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Хон Бом До 1868 жылы Пхеньян маңында кедей отбасында дүниеге келген. Ол 8 жасында жетім қалып, 15 жасқа дейін ағасының қарауында болған. Кейін жау әскерде сигналист болып қызмет етіп, одан соң қағаз фабрикасында жұмыс істеген.

1907-1910 жылдары таулы аймақтың аңшыларынан партизандар отрядын құрған Хон Бом До Әділет армиясының (Ыйбән) қатарында жапон отаршыларына қарсы қарулы күрес бастаған. Жау гарнизондарын батыл шабуылдаған ол Манчжурияда (Қытай) 1910 жылдан бастап жапондарға қарсы әрекет еткен «Тоннишкун» армиясын құрған. Кейін Кеңестік Қыр Шығыстағы азамат соғысына қатысып, Ленинен кездесіп, қызыл партизандар қатарына қосылды. Азамат соғысынан кейін Хон Бом До КСРО-да қалып, коммунистік партияға өтті.

1937 жылдың жазында жапон әскерлері Қытайға басып кірді. Сол кезде Корей Жапон империясының құрамында болғандықтан, Сталиннің шешімімен Қыр Шығыстағы корейлер Қазақстан мен Орталық Азияның басқа елдеріне жер аударылды. 172 мыңға жуық этникалық корейлер Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі, Балқаш маңындағы аудандар мен қазіргі Өзбекстан аумағына келді. Көп бөлігі Сыр өңіріне күштеп қоныстандырылып, күрші өсіруді өркендету жұмыстарына тартылды.

Депортацияланғандар қатарында болған Хон Бом До Қызылорда қаласындағы корей театрында от жағушы әрі күзетші болып жұмыс істеген. Ол өзінің ерлік жолын жұртқа айтып, тұрмыстағы қиындықтары мен әділетсіздіктерге шағымданбай, томаға тұйық ғұмыр кешкен. Уақыт өте театр актерларының бірі батырдың өмірі, ерлік істері туралы кездейсоқ білген. Осылайша Хон Бом До қайтыс болардан бір жыл бұрын, 1942 жылы аты аңызға айналған генерал туралы пьеса сахналанды.

Айналасын қарапайымдылығымен тәңгі еткен ол 1943 жылы дүниеден озды. Алғашында шет аймақтағы қалың қамыс арасындағы қорымға жерленген батыр туралы өмір бойы партизан болып, партизан сияқты жерленді деп айтып жүрді. Кейін, тәуелсіздік жылдары Хон Бом До қоры құрылып, мемориал орнатылды. Жергілікті билік генералды қайта жерлеуге арнайы орын бөлді.

Бүгінде Хон Бом До мемориалдық кешені Қызылорданың «Ақмешіт» шағын ауданындағы қалалық ескі зиратқа орналасқан. Сондай-ақ, мұнда корей халқының тағы бір батыры – Ге Бон Удың ескерткіші бар, оның сүйегі 2019 жылы отанында қайта жерленген. Қос батырға Қызылордадан көше аттары берілген. Қазақстан корейлері қауымдастығының Қызылорда облыстық филиалының мүшесі Денис Пак Оңтүстік Корей билігі мемориалды сақтауға қаражат бөліп отырғанын айтты. Республикалық ассоциация мен жергілікті корейлер батырдың сүйегін Корейға жеткізу туралы ұсынысты қолдаған.

– Ге Бон У сияқты, генерал Хон Бом До да корей батырларының ұлттық пантеонында жай табады. Ал, мемориал қараусыз қалмайды, Оңтүстік Корей оны абаттандырып, жөндеу жұмыстары жүргізіледі, – дейді Денис Пак.

Хон Бом До Оңтүстік Корейда



Ерекшелігімен есте қалған жоба

Аймақта тұңғыш рет «Сыр дарыны» жобасы өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен, «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігі және Жастар ресурстық орталығы бірлесіп ұйымдастырған шара таланттарды тауып, олардың шығармашылық тұрғыда кемелденуіне жол ашуды көздейді.

Өз ерекшеліктерімен есте қалған жоба аясында әуелі барлық аудандар мен Қызылорда қаласынан төрт аталым бойынша іріктеу өткізілді. Мұнан соң ақтық кезеге өткен талапкерлер облыс орталығында төрт күнге созылған іс-шараларға қатысты. Бірінші күні талапкерлерге арналған шеберлік сағаттары өтіп, «Жыр-терме» және «Дәстүрлі ән» бағытындағы жас таланттар «Парасат» орденінің иегері, белгілі жырғау, профессор Алмас Алматыев, «Құрмет» орденінің иегері, белгілі жыршы Шолпан Бейімбетова, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Нартай жыр мұрасын жалғастырушы Ақмарал Ноғайбаева, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Күнсулу Түрікпеннен тәлім алып, таным көкжиегін кеңейтті.

Сондай-ақ, «Айтыс» және «Жазба ақындық өнер» бағытындағы жас талапкерлер Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Дүйсенбек Аяшұлы, айтыстың ақтангері, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Сырдан шыққан жас ақын Биболат Сәтжановтардан дәріс тыңдап, өлең өлкесінде азық боларлықтай ақыл-көңестер алды.

Жобаның ақтық кезегіне жиналған жас дарындар келесі күні облыстық өлкетану, «Қызылорда қаласының тарихы» мұражайларында болып, өңірдің өткені мен бүгінгіні сыр шертетін құнды жәдігерлермен танысты. Сонымен қатар, жас дарындардың шығармашылық байланысын, достық қарым-қатынасын нығайту мақсатында

арнайы демалыс ұйымдастырылып, түрлі интеллектуалдық, спорттық ойындар ойнатылды. Ән шырқап, өлең оқып уақыттарын қызықты өткізген жастар ақтық кезеге жақсы серпіліспен келді.

Үшінші күні талапкерлер өнерін ортаға салып, оларға жыр-терме және дәстүрлі ән аталымдары бойынша облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының сектор менгерушісі, белгілі жыршы-термеші Майра Сәрсенбаева, айтыс және жазба ақындық өнер бойынша ҚР Мәдениет саласының үздігі, белгілі айтыскер ақын Серік Бдырысовтар бастаған қазылар алқасы төрелік етті.

Жобаның қорытынды салтанаты жиынына Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов арнайы қатысып, жас талапкерлерге шығармашылық табыс тіледі. Облыс жастарының шығармашылық қабілетін шыңдап, насихаттауды, Сыр сұлейлерінің шығармашылығын дәріптеу арқылы өнер мектептерінің мәртебесін арттыруды көздеген іс-шара қорытындысымен «Жыр-терме» аталымы бойынша бас жүлдені қызылордалық Нұрай Өркенбекқызы жеңіп алды. «Дәстүрлі ән» аталымы бойынша қармақшылық Ақсұңқар Бүркітбай, «Айтыс» аталымында аралық Бексұлтан Орынбасар жеңімпаз деп танылды. Ал, жазба «Ақындық өнер» аталымында өзгеше өлең өрнегімен танылған қазалылық Дина Бөкебай «Сыр дарыны» атанды.

«СБ» ақпарат

КӘСІП пен НӘСІП

Әмбебаптық әбігерлік емес

Жан-жақтылық – уақыттың басты талабы. Жастар сол талантты шығып жүр. Кезекті кейіпкеріміздің әмбебаптығы соған дәлел. Дәулет Ізбасардың негізгі мамандығы – заңгер. Кәсіпкерлікпен де айналысады. Ол жеке заңгерлік орталықта азаматтарға құқықтық кеңес беріп, түйткілді мәселелерінің түйінін тарқатуда көмектеседі. Кәсіпкерлікті қатар алып жүруге негізгі мамандығының кедергі келтірмейтінін айтады.

СБ Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Дәулет 2019 жылы «Әділет» дара кәсіпкерлігін құрған. Ол 4 бағыт – құқықтық қызмет көрсету орталығы, автокөлік жөндеу, той-жиын өткізуге арналған арнайы шатырларды жалға беру және сабын өндіру ісімен айналысады. 30-ға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Оның айтуынша, «Әділет» құқықтық кеңес беру орталығында осы кезеге дейін 300-ге жуық тұрғын әділеттілікке қол жеткізді.

Жалпы көмекке жүгінгендерді қолтығынан демеуді тәжірибелі маман қолына тапсыру қажет деп біледі. Себебі, кәсіби білікті заңгерлер әлі де аз. Қазір заңгерге жұмыс аз дегенді жиі естіміз. Алайда, сауатты, білімді маманға қай кезде де сұраныс бар. Ізденіс өз бетінше, біліктілікті көтеру маңызды. Өз ісінің майталманына айналу уақыт еншісіндегі дүние, – дейді ол.

Кейіпкеріміз соңғы уақыттарда халықтың көпшілігі әлеуметтік мәселелер бойынша заңгер кеңесіне жүгінетінін айтады. Халықтың құқықтық сауаттылығы әлі де болса төмен екені байқалады, себебі ғаламтор желісінің өзінде бірқатар ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік бар. Бірақ, электронды қызметті пайдаланбайтындардың, мекенжай бойынша анықтама алу үшін халыққа қызмет көрсету орталығына барып кезекке тұратын тұрғындардың әлі де бары көп нәрсені аңғартады. Цифрлы сауаттылықтың төмендігі мен өз құқығынды білмеу фактілері бір-бірімен тығыз байланысты.

Дәулетпен әңгіме кәсіпкерлік саласында да өрбіді. Ол карантин уақытында ша-

тырларды жалға алуға ниет білдіргендер көп болғанын айтады. Ал, көлік жөндеуге қай кезде де сұраныс жоғары. Тәжірибе жинақтаған Дәулет жақында сабын дайындауды қолға алды. Бұл ретте кәсіп жүргізу үшін көп қаражат қажет еместігін, жоспар мен айқын мақсат жақсы істің бастауы екенін алға тартады.

– Сабын дайындау идеясы – төртінші бастама. Бұл – бір жағынан шығыны аздау кәсіп. Дүкен сөрелерінен сабынның әртүрлісін байқауға болады. Мұнда сапа мен баға ғана ұтады. Біз қолжетімділікті бірінші орынға қойдық. Өнімге «Таза сабын» атауын бердік, ол гиппоаллергенді. 72 проценттік сабынның салмағы 100-300 граммға дейін жетеді. Баға қолжетімді,



47-97 теңге аралығында сатылады. Қуантатыны, тапсырыс көп, аудандарға да жөнелтеміз және кері байланысқа ерекше

мән береміз. Өнімді шығаруда әрбір тұтынушының пікірі ескерусіз қалмайды, – дейді ол.

www.facebook.com/syrboyi_kz/
<https://twitter.com/syrboyi>
www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығарда газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редация мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz
Таралымы 26149
Тапсырыс №1175
Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА**